Бекітемін
Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау Басқармасының «Қостанай облыстық арнайы медициналық құралдармен қамтамасыз ету базасы"
КММ бастығы
«09» Ақпан 2022ж.
_______________ М. Богатырев

# Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау Басқармасының «Қостанай облыстық арнайы медициналық құралдармен қамтамасыз ету базасы» КММ бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ЕРЕЖЕ

## 1. Жалпы ережелер

1.1. Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай облыстық арнайы медициналық құралдармен қамтамасыз ету базасы» КММ-нің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – қызметі туралы осы Ережесі (бұдан әрі мәтін бойынша - Ереже) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес және Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының Қостанай облыстық арнайы медициналық құралдармен қамтамасыз ету базасы» КММ-інің (бұдан әрі мәтін бойынша-арнайы медқамтамасыз ету базасы) және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің мәртебесін, өкілеттіктерін анықтау және жұмысын ұйымдастыру үшін әзірленді.

## 2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің мәртебесі

2.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қабылдауда және іске асыруда тәуелсіз.
2.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметті квазимемлекеттік сектор субъектісінің басқа құрылымдық бөлімшелерінің құзыретіне жататын жұмыстарға, сондай-ақ оның өкілеттіктеріне жатпайтын бағдарламалар мен жобаларды дайындауға немесе орындауға тартуға болмайды
2.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің қызметкерлеріне квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ішкі нормативтік құжаттамасының ережелері қолданылады.
2.4. Квазимемлекеттік сектор субъектісінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің басшысын тағайындау және босату сыбайлас

жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органды тиісті хабардар ете отырып жүзеге асырылады.
2.5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің жұмысын бағалауды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган жүргізеді.

## 3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің мақсаты

3.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің мақсаты Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын арнайы медқамтамасыз ету базасы мен оның қызметкерлерінің сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

## 4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің міндеттері

4.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің міндеттері:
1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеушілік талаптар мен ең үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;
2) заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын сақтауды қамтамасыз ету болып табылады;
3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалау;
4) заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру.

## 5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің қағидаттары

5.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:
1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне басшылықтың мүдделілігі;
2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттерін орындау үшін қажетті өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі болып табылады;
3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі;
4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің ақпараттық ашықтығы;
5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;
6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру.

## 6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің функциялары

6.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің функциялары:
1) арнайы медициналық жабдықтау базасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың ішкі саясатын әзірлейді;
2) ұйым қызметінің ерекшелігін ескере отырып, арнайы медқамтамасыз ету базасының қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді;

3) арнайы медқамтамасыз ету базасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;;
4) корпоративтік этикалық құндылықтарды насихаттайды;
5) арнайы медқамтамасыз ету базасының қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді;
6) арнайы медқамтамасыз ету базасының қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқытуды ұйымдастырады;
7) құрылымдық бөлімшелердің ұйымның және қызметкерлердің қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың ішкі бағдарламасын орындауына мониторингті әзірлейді және жүргізеді;
8) азаматтық және бизнес-қоғамдастық институттарының өкілдерін тарта отырып, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына сәйкес арнайы медқамтамасыз ету базасының қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша жұмысты үйлестіреді;
9) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша жүргізілетін арнайы медқамтамасыз ету базасының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдауға қатысады;
10) арнайы медқамтамасыз ету базасында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқаруды жүзеге асырады;
11) мүдделер қақтығысын, оның ішінде жұмысқа орналастыру мәселелерін анықтау, мониторингілеу және реттеу бойынша шаралар қабылдайды;
12) арнайы медқамтамасыз ету базасында сыйлықтар мен өкілдік шығыстар мәселелерін реттеу бойынша шаралар қабылдайды;
13) арнайы медқамтамасыз ету базасында сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтiнiштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді;
14) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар санатына жататын арнайы медқамтамасыз ету базасы қызметкерлерінің заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауы тұрғысынан мониторинг жүргізеді;
15) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, арнайы медқамтамасыз ету базасындағы сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг және талдау жүргізеді;
16) арнайы медқамтамасыз ету базасының құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігіне бағалау жүргізеді;
17) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша арнайы медқамтамасыз ету базасының құрылымдық бөлімшелері мен жұмыскерлерінің тиісті ақпаратын тыңдайды;
18) арнайы медқамтамасыз ету базасының басшысына анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, арнайы медициналық жабдықтау базасының қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар енгізеді;

19) қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша есептер мен ақпаратты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

### 7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құқықтары

7.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құқықтары:
1) ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түскен хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізуге бастамашылық жасауға құқылы;
4) арнайы медқамтамасыз ету базасының басшыларынан және басқа қызметкерлерінен қызметтік тергеу шеңберінде жазбаша түсініктемелер беруді талап етуге міндетті;
5) Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу және оларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның қарауына ұсыну;
6) өз құзыреті шегінде ішкі нормативтік құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысуға құқылы;
7) арнайы медқамтамасыз ету базасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмыста консультациялық көмек көрсету;
8) арнайы медқамтамасыз ету базасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың бар немесе ықтимал мүмкіндігі туралы хабарламалар келіп түсуі мүмкін ақпараттандыру арналарын құруға не сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар енгізуге құқылы.

### 8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері

8.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің міндеттері:
1) егер онда дайындалып жатқан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, арнайы медқамтамасыз ету базасындағы ақпараттың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын сақтайды;
2) сыбайлас жемқорлықтың, корпоративтік Әдеп кодексін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мәселелері бойынша өзге де ішкі саясаттар мен рәсімдерді бұзудың болжамды немесе нақты фактілері бойынша жүгінген адамдардың құпиялылығын қамтамасыз етеді;
3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуына немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы арнайы медқамтамасыз ету базасының басқару органын уақтылы хабардар етеді;
4) арнайы медқамтамасыз ету базасы қызметкерлерінің әрекеттерінде қылмыстық немесе әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық белгілері анықталған жағдайларда материалдарды тиісті дәлелдемелермен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға береді;
5) арнайы медқамтамасыз ету базасының белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;

6) қызметтік және кәсіптік әдеп талаптарын сақтайды.

8.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етеді.

______________________